

Осы қызметтер көрсетуге арналған Жария шарт (бұдан әрі - **Шарт**) "Аскет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - **Оператор**) шартқа қосылған жеке тұлғаларға (бұдан әрі - **Абоненттер**) телевизиялық хабар тарату, Интернетке қол жеткізе отырып деректер беру, байланыс қызметтерін (бұдан әрі - **Қызметтер**) көрсетудің жалпы талаптарын айқындайды. Шарттың талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес белгілейді және Абонент Шартқа ескертпелерсіз және оның қандай да бір ережелерін алып тастамай, қосылу туралы Өтініш беру арқылы қабылдайды. Қызмет көрсетудің жекелеген ережелері Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшалармен реттеледі. Абонент пен Оператор Шарт бойынша бірлесіп "**Тараптар**", ал жеке-жеке "**Тарап**" деп аталады.

## 1. Шарттағы терминдер мен түсініктер

**1.1. Абонент** – Шартты акцептеу жолымен Оператормен Шарт жасасқан және Шартта белгіленген талаптармен қызметтерді алу құқығын алған жеке тұлға.

**1.2. Шарттың акцепті** – жеке тұлғаның Шартқа Абонент ретінде қосылу туралы осы тұлғаның Шарттың барлық міндеттемелері мен талаптарын толық көлемде, ерекшеліксіз қабылдағанын растайтын өтінішке қол қоюы.

**1.3. Абоненттік төлем** – Абоненттің Шарт ережелеріне сәйкес өзгеретін оператордың бағалары бойынша қызметтер үшін ай сайынғы төлем сомасы.

**1.4. Шарт** – көрсетілетін Қызметтерге, шарттарға және оларды алу фактісіне байланысты барлық құжаттарды қоса алғанда, Шарттың ережелеріне, оның қосымшаларына сәйкес Оператордың қызметтер көрсетуінің осы Жария шарты.

**1.5. Өтініш беруші** – шартқа қосылғысы келетін және Оператордың Абоненті болғысы келетін жеке тұлға.

**1.6. Қосылу туралы өтініш** – жеке тұлғаның Шарт бойынша Абоненттің барлық құқықтары мен міндеттеріне алып тастауларсыз және ескертпелерсіз толық көлемде, келісім білдіруінің Оператор белгілеген қызметтерді қосуға деген оның еркін білдіретін нысаны.

**1.7. Берешек** – Шартта немесе Прайспен ақы алу көзделген қызметтер мәнінен және Оператордың олармен байланысты іс-әрекеттерінен туындайтын төлемдерді қоса алғанда, төлеуге жататын және Абонент шартта белгіленген мерзімде төлемеген ақша қаражатының сомасы.

**1.8. Кіру картасы** – Қабылдау жабдығын сәйкестендіретін және абоненттің оператордың қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін кіріктірілген микрочипі бар пластикалық карта.

**1.9. Төлем картасы** – Абонентке төлемді Дербес шотқа бір рет енгізуге мүмкіндік беретін жеке нөмірі және бірегей коды бар, пластикалық карта түріндегі немесе Оператор белгілеген өзге түрдегі тасымалдаушы.

**1.10. Дербес шот** – Оператордың қызметтері үшін Абонент төлемін есептеу және түсуді есепке алуға арналған Оператордың автоматтандырылған есеп айырысу жүйесіндегі Абоненттің Жеке (цифрлық, әріптік) жазбасы.

**1.11. Жеке кабинет** – Оператордың Сайтында логин мен парольге ие, дербес шоттың жай-күйі туралы ақпаратты қамтитын, абоненттің Қызметтерді басқару бойынша жекелеген іс-әрекеттерді өз бетінше жасау мүмкіндігі бар абоненттің дербес бөлімі.

**1.12. Мультисервистік желі (МЖ)** – телекоммуникацияларға, телерадио хабарларын таратуға арналған жабдықты, байланыс желілерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын технологиялық жүйе.

**1.13. Оператор** – Қызметтерді ұсынушы "Аскет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**1.14. Оператордың жабдығы (Жабдық)** – Қызметтерді ұйымдастыру үшін электр-радиобайланыс сигналдарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін мультисервистік желі құрамындағы техникалық құрылғылар.

**1.15. Дербес деректер** – Абонент туралы мәліметтер: телефон нөмірлері, тұрғылықты жерінің мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, ЖСН, оның жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері және абонентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өзге де ақпарат.

**1.16. Қосымшалар** – Оператордың қызметтер көрсетуі және абоненттің олады алуы туралы ақпаратты қамтитын, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттар.

**1.17. Деректерді беру** - мультисервистік желі мен Интернетті пайдалана отырып, аудиовизуалды ақпаратты, телекоммуникация хабарламаларын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау және/немесе екі бағытта қабылдау-беру.

**1.18. Абоненттің қабылдау жабдығы** – Абоненттің меншігіндегі немесе онымен кіру нүктесінде Қызметтерді ұйымдастыру үшін Оператордан уақытша пайдалануға алған жабдық, құрылғылар.

**1.19. Оператор сайты** – Оператордың электронды сайты [www.ktv-sk.com](http://www.ktv-sk.com)

**1.20. Кіру нүктесі** – Қызметтерді алу үшін Абоненттің қабылдау жабдығын қосу орны, мекенжайы

**1.21. Абоненттің терминалы** – Абонентпен Қызметтерді алу үшін қолданылатын дербес компьютер және өзге де пайдаланушылық құрылғылар.

**1.22. Қызметтер-Абонентке** қол жеткізу нүктесінде ұсынылатын қызметтер: аналогтық теледидар, цифрлық теледидар, Интернетті, байланысты қоса алғанда, мультисервистік желі бойынша деректерді беру, сондай-ақ Шарт Қосымшаларына және абонентпен қызметтерді алған кезде қолданыстағы Оператордың Прайсына сәйкес өзге де сервистер.

**1.23. АДД қызметтері** – телевизиялық сигналды өңдеудің аналогтік әдістерін пайдалана отырып, абоненттің кіру нүктесіндегі кабельдік телехабар тарату қызметтері

**1.24. СДД қызметтері** – телевизиялық сигналды цифрлау (сығу) әдістемесін пайдалана отырып, абоненттің кіру нүктесінде кабельдік телехабар тарату қызметтері.

## 2. Жалпы ережелер

2.1. Шартқа сәйкес Оператор Абонентке қызметтер көрсетеді, ал Абонент бұл Қызметтерді Шартта көзделген тәртіппен төлейді. Абонент таңдаған Қызметтердің және олармен технологиялық байланысты сервистердің тізбесі

Шартқа қосылу туралы Өтініште және/немесе Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Оператор белгілеген өзге де нысандарда және құжаттарда көрсетіледі.

2.2. Шарт барлық Абоненттерге таралады және телевизиялық хабар тарату, Интернетке қол жеткізе отырып деректер беру, байланыс қызметтерін ұсынуға оператордың абонентпен бұрын жасалған шарттарын алмастырады. Шарт күшіне енген сәттен бастап Абонентке қызмет көрсету осы Шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте қолданыстағы абоненттер үшін Шартқа қосылу туралы Өтінішке қол қою талап етілмейді, ал қабылдау-тапсыру актілері: орындалған жұмыстар, қызметтерді қосу, Абоненттің жауапты сақтауына берілген кез келген жабдық Тараптардың міндеттемелері толық орындалған сәтке дейін өз күшін сақтайды.

2.3. Қолданыстағы Абонент Шарт талаптарымен келіспеген жағдайда, Абонент оны **www.ktv-sk.com** Оператордың сайтында орналастырған немесе абоненттерге қызмет көрсету пункттерінде немесе шартты бұқаралық ақпарат құралында бірінші рет жариялау кезінен бастап **30 (отыз)** күнтізбелік күн ішінде Операторға Шартқа қосылудан бас тарту туралы жазбаша хабарлауға құқылы. Абоненттің Шартқа көрсетілген мерзімде қосылудан бас тарту туралы Өтініштің түспеуі, сондай-ақ Абоненттің Шартта көрсетілген талаптарын орындау бойынша іс-әрекеттер жасауы (Қызметтерді пайдалану, Қызметтерге ақы төлеу және т.б.) Абоненттің Шартқа тұтастай қосылуын және сөзсіз қабылдануын білдіреді.

2.4. Қолданыстағы Абонент үшін Қызмет көрсету Шарттарына қатысты оператордың талаптарын сақтай отырып, белгіленген нысанда жазбаша, қашықтықтан жеке кабинет арқылы немесе электрондық пошта арқылы немесе өзге де құралдармен берілген Абоненттің кез келген жүгінуі қосылу туралы Өтініш болып табылады.

2.5. Егер Абонент Шартта көрсетілген мерзім өткеннен кейін Қызметтерді пайдалануды жалғастырса немесе Шартқа қосылу туралы өтініш болып саналатын құжаттарды қашықтықтан берсе, Абонент Шартта оның қолының жоқтығына Шарттың оқылмағандығының, түсінілмегендігінің, қабылданбағандығының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқылы емес.

2.6. Шартқа жаңа Абоненттерді қосу немесе Қызметтерді қосу мынадай талаптар жиынтығының үйлесуі кезінде: Абонент қосылу туралы Өтінішінде көрсетілген бастапқы деректер бойынша Қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігінің болуы; Абонент Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарттың талаптарына сәйкес келетін қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынғанда; Абоненттің Оператор немесе Қызметтерді ұйымдастыруға байланысты үшінші тұлғалар алдында берешегі болмағанда мүмкін болады.

2.7. Жеке тұлға Операторға Шартқа қосылу туралы Өтінішпен жүгінгенде, жеке куәлігін, кіру нүктесі орналасатын үй-жайды пайдалану құқығын растайтын құжаттарды қарастыруға ұсынуға міндетті.

2.8. Оператор қосылу туралы алынған Өтінішке сәйкес Абоненттің терминалын оның таңдауына сәйкес қызметтерге қосуды ұйымдастырады, МЖ жабдығын баптауды, сервистік қызмет көрсетуді, жөндеуді, жалға алуды қамтамасыз етеді. Қызметтерді Кіру нүктесіне қосу күні болып Тараптармен орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру Актісіне қол қою күні болып саналады.

2.9. Абонентке Оператордың кез келген Жабдығын жалға берген жағдайда, жалға алу Шарттары Абоненттің жұмыстарды және Қабылдау жабдығын немесе Абонент Терминалын қабылдау-тапсыру актісінде немесе айқындалады. Оператор жабдықты жарамды күйде тапсырады, Кіру нүктесінде оның орнатылуын және қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

2.10. Абоненттің Қабылдау жабдығы және / немесе Терминалы және ілеспе материалдар Оператордың Прайсына және Шарт талаптарына сәйкес олардың толық құнын төлегеннен кейін ғана Абоненттің меншігіне өтеді.

2.11. Ынтымақтастық туралы шарттар, тапсырмалар негізінде Оператор жабдықты ұсынған немесе Оператордың қызметтеріне байланысты Қызметтер мен өзара есеп айырысуларды ұйымдастыруға қатысатын Абоненттер мен Сенім білдірушілер арасында сенім білдірілген Өкіл / Агент бола алады, сондай-ақ тиісті шарттар бойынша белгілі бір іс-әрекеттердің орындалуын үшінші тұлғаларға сеніп тапсыра алады.

2.12. Телехабар тарату қызметтерін көрсетудің жекелеген қағидалары Шарттың №1 қосымшасында жазылған. Оператор қызметтерінің тізбесі толық болып табылмайды және Шарттың ережелеріне сәйкес толықтырылуы мүмкін.

### 3. Қызметтерді көрсету және төлеу тәртібі.

3.1. Шарт бойынша Абонент Оператордың және/немесе онымен байланысты үшінші тұлғалардың таңдалған тарифтік жоспарына және сервистеріне сәйкес Қызметтерді пайдаланады және Шарттың тәртібі мен талаптары бойынша қызметтерге ақы төлейді.

3.2. Тарифтік жоспарлар, науқандар туралы ақпарат, қызметтер, сервистер тізбесі Оператордың сайтында, телеарналарда, сату кеңселерінде, оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметінде, үшінші тұлғалардың және/немесе Оператордың қызметтері туралы жарнамалық материалдарда орналастырылады.

3.3. Абоненттің жалға алу шарты бойынша пайдаланатын үй-жайында Қызметтерді қосқан жағдайда, Оператор Абонентке ай сайынғы алдын ала төлем жүйесі бойынша ғана қызмет көрсетуге құқылы.

3.4. Абонент Қызметтерді, Оператордың жабдығын, Абоненттің қабылдау жабдығын жалға алуды Қызметтерді алу кезіндегі қолданыстағы бағалар бойынша төлейді. Шартқа қосылуымен Абонент Оператордың тарифтік жоспарларымен және бағаларымен танысқанын және келісетінін растайды.

3.5. Қызметтерді қосқан кезде Абонент МЖ-ге қосылу құнын төлейді және өзінің дербес шотына кемінде күнтізбелік ай үшін ағымдағы айдың қалған күндерінің санына пропорционалды түрде алынатын абоненттік төлемді енгізеді.

3.6. Шарт қосымшасында телехабар тарату қызметтерін көрсетудің жекелеген қағидалары бойынша өзгешеліктер көзделмесе, Абонент Шарттың қолданылу кезеңінде Оператордың қызметтерін пайдаланғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан, әрбір айдың **бірінші күніне дейін** өзінің дербес шоты арқылы Қызметтер үшін Абоненттік төлемді енгізуге міндеттеледі.

3.7. Абонент Дербес шотын толтыруды Оператордың төлем карталары арқылы, қолма-қол ақшамен немесе Операторға шарт бойынша осындай қызметтерді көрсететін ұйымдардың терминалдары, төлем жүйелері арқылы жүргізеді.

- 3.8. Абонент Жеке кабинетте өзінің статистикасы мен Дербес шотының теңгерімін қарауға, сондай-ақ Жеке кабинет арқылы келесі айдың **бірінші күніне дейін** тарифтік жоспарды өзгертуге құқылы. Абоненттің Жеке кабинеттегі тарифтік жоспарды өзгерту, қосымша қызметтерге тапсырыс беру жөніндегі іс-әрекеті Абонент қызметтердің, бағалардың барлық шарттарын қабылдайтынын және оларды қосу мен төлеуге өз келісімін бергенін білдіреді.
- 3.9. Абонент Оператордың қызметтері үшін Абоненттің әртүрлі Дербес шоттарындағы төлемдерді біріктіруді (есепке жатқызуды) қоса алғанда, Операторға төленген сомаларды алдағы кезеңде Қызметтерді алу үшін пайдалануға келісімін береді.
- 3.10. Қызметтер және Абоненттік төлемді есептеу Абоненттің Жеке кабинеті арқылы төленген кезеңнің аяқталуына кемінде **бес күн** қалғанда берген өтініші бойынша жылына бір рет **3 айдан аспайтын мерзімге** уақытша тоқтатылуы мүмкін.
- 3.11. Абоненттің Дербес шотындағы қаражаттың нөлдік немесе теріс теңгерімі кезінде қызметтер тоқтатыла тұрады. Бұл ретте Абонент Жеке кабинет арқылы Өтініш беру жолымен **5 (бес)** күнтізбелік күн мерзімге кредиттік төлем нысанын пайдалануға құқылы. Бұл сервистің құны Оператордың Прайсына сәйкес ай сайынғы төлемнің үстінен есептеледі.
- 3.12. Дербес шоттың нөлдік қалдығын немесе Абоненттің берешегін есептеген күннен бастап **бір ай** ішінде Абоненттік төлем болмаған кезде Оператор бір жақты тәртіппен Абонентті хабардар етпестен Шартты бұзуға, Қызметтерді өшіруге және өз жабдығын, оның ішінде Абонент толық сатып алмаған кез келген жабдықты бөлшектеуге және/немесе өз қалауы бойынша шығындар мен сот шығындарын қоса алғанда, Шартқа сәйкес оның толық құнын өтеуді талап етуге құқылы.
- 3.13. Оператордың кінәсінен Абонент қатарынан **10 (он)** жұмыс күнінен артық қызмет алмаған кезде, жөндеуге өтінімдер журналындағы жазбамен және өзге де құжаттармен расталуымен Оператордың кеңсесіне берілген жазбаша өтініш бойынша Абоненттік төлемді қайта есептеуге құқылы.
- 3.14. Абонент Қызметтер үшін есептелген төлем бойынша шағымданған жағдайда, Оператор Қызметтерді алудың түпкілікті және даусыз растауы және Операторға Абоненттің төлеуге міндеттелетін есептелген соманың негізділігі болып саналатын биллингтің есептік ақпаратының үзіндісін ұсынады.
- 3.15. Абонент Шарттың кез келген талаптарын бұзған, жалған қоңырау шалған жағдайда, Абонент Оператор өкілінің кіру нүктесіне шығуын қолданыстағы бағалар бойынша төлейді.
- 3.16. Абоненттің тарату құрылғысынан Қабылдау жабдығына/Терминалына дейінгі Оператордың бекіткен нормативтерінен жоғары материалдар шығынын Абонент қолданыстағы бағалар бойынша қосымша төлейді.

#### 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

##### 4.1. Оператор құқылы:

4.1.1. Қызметтерге өзгерістер енгізу-тоқтата тұру, олардың құрамы мен санын өзгертуге;

4.1.2. Оператордың қызметіне қандай да бір түрде ықпал еткен кез келген себептер бойынша Абоненттік төлемнің мөлшерін және/немесе қызметтермен байланысты өзге де бағалауларды біржақты тәртіпте өзгертуге;

4.1.3. қажет болған жағдайда, тоқсанына бір рет 24 сағат ішінде абоненттің қызметтерге қол жеткізуін үзе отырып,

кез келген жоспарлы жұмыстарды жүргізуге;

**4.1.4.** техникалық өзгерістер, іркілістер, МЖ апат туындаған кезде, қызметтердің, төлемдердің өзгеруі, берешекті мәжбүрлі тәртіппен өндіріп алу не шарттардың өзгеруі немесе шарттың бұзылуы туралы хабарламаларды абонентке кез келген қолжетімді тәсілмен жолдауға: өз сайты **www.ktv-sk.com** арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдары, телеарналар немесе ақпараттық-анықтамалық қызмет, абоненттерге қызмет көрсету пункттері, абоненттің жеке кабинеті, SMS-хабарламалар, WhatsApp мессенджері, телефон арқылы қоңырау шалу және абонентті сәйкестендіретін өзге де жүйелер арқылы жүзеге асырылады. Хабарламада өзгерістерді енгізу, проблемалық мәселелерді шешу және реттеу мерзімдері туралы ақпарат болуы тиіс.

##### 4.2. Оператор міндеттенеді:

4.2.1. Абоненттің өтінімі келіп түскен жағдайда, оны алған күннен бастап **3 (үш)** жұмыс күні ішінде өзінің **МЖ** жауапкершілік аймағындағы ақауларды жоюға;

4.2.2. Шарттың немесе Абоненттік төлемнің талаптары өзгерген жағдайда, егер Шарт қосымшасында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, жарнама құралдарын пайдалануды қоса алғанда, жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен олар енгізілгенге дейін **30 (отыз) күн** күнтізбелік бұрын хабарлауға. Абонент осындай өзгерістер енгізілгенге дейін **5 (бес)** жұмыс күнінен кешіктірмей операторға жазбаша өтінішпен жүгіну арқылы Шартты бұзуға құқылы. Абоненттен Шартты бұзу туралы өтініштің түспеуі немесе көрсетілген мерзім өткеннен кейін қызметтерді пайдалануы оның осы өзгерістермен келіскені болып саналады.

4.3. Оператор абоненттің кепілдіктегі Қабылдау жабдығына/Терминалына баптауды жүргізбейді.

##### 4.4. Абонент міндеттенеді:

4.4.1. қызметтерді көрсету үшін кондоминиум объектісін басқарушы тұлғамен кабель тартуды, қызметтерді ұйымдастыру үшін жабдықтарды орналастыруды және энергиямен жабдықтауды дербес шешуге және реттеуге;

4.4.2. монтаждау, МЖ, оператор жабдығына қызмет көрсету үшін үй-жайларға оператордың кіруін қамтамасыз етуге;

4.4.3. оператордың жабдықтары мен желілері орнатылған үй-жайларға бөгде адамдардың кіруін шектеуге;

4.4.4. қызметті пайдалану кезінде Оператордың және/немесе Агенттің және/немесе оның Абоненттерінің қызметіне залал және/немесе зиян келтірілген жағдайда, залалды өтеуге, сондай-ақ Абоненттің осындай қызметіне байланысты Операторға және/немесе Агентке қойылған шағымдарды және/немесе талаптарды өз бетінше және өз есебінен шешуге;

4.4.5. Шарт бойынша міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті дербес деректер өзгерген кезде бұл туралы Операторды **10 (он)** күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

**4.5. Абонент құқылы емес:**

- 4.5.1. Абоненттердің құқықтарын бұзуға және басқа Абоненттердің қызметтерге қол жеткізуіне кедергі жасауға;
- 4.5.2. Оператордың желісіне, жабдығына, бағдарламалық қамтылымына өз бетінше қызмет көрсетуге немесе кез келген өзге де әсер етуді жүргізуге;
- 4.5.3. Оператордың қызметіне көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін араласуға жол беруге;
- 4.5.4. Оператордың ақпараттық ресурстар мен жүйелерге деген құқығын бұзуға құқылы емес.

**4.6. Абонент қамтамасыз етеді:**

- 4.6.1. мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін Абоненттің жеке қабылдау жабдығын, терминалын кіру нүктесіне қосылуын;
  - 4.6.2. Абонент Шарт талаптарын орындамаған және/немесе кез келген себептер бойынша Шартты бұзған жағдайда, қолданыстағы бағалар, шығу құнын және абонент сатып алмаған қабылдау жабдығын бөлшектеуге байланысты оператор мамандарының жұмысына төлем жүргізуді;
  - 4.6.3. Оператордың және/немесе Абоненттің жабдығын орналастыру қажет үй-жайларда көп пәтерлі тұрғын үйлердің, бөлінбейтін меншіктің элементтеріне қол жеткізу және пайдалану үшін барлық іс-әрекеттер міндеттемесін қоса алғанда, Шарт жасасу және оны іске асыру үшін барлық құқықтардың болуын қамтамасыз етеді;
- 4.7. Шартты жасай отырып, Абонент Оператордың/Агенттің қызмет көрсету үшін қажетті Оператордың және/немесе Агенттің кабелін төсеу және/немесе жабдығын орнату орнында ортақ үлестік меншік немесе басқару құқығында кондоминиумнің абонентке тиесілі бөлігін өтеусіз пайдалануына өз келісімін береді.

**5. Тараптардың жауапкершілігі.**

- 5.1. Абоненттің жауапкершілік шекарасы Оператордың тарату шкафынан Абоненттің терминалына дейін белгіленген.
- 5.2. Абонент толық материалдық жауапкершілікке ие:
  - 5.2.1. Оператордан жауапты сақтауға алынған кепілдік беру жағдайларын қоспағанда, кез келген жабдығы, кіру карталарын ішінара жоғалтуды, бүлінуді, барлық себептер бойынша ақаулықты қоса алғанда, олардың Шарттың қолданылу мерзімі ішінде дұрыс пайдаланылғаны үшін;
  - 5.2.2. Абоненттің кіру нүктесі мен терминалын қоса алғанда, оның жауапкершілігі шегінде жабдық, кабель үшін жауапкершілікке ие.
- 5.3. Абонент келесі жағдайларда материалдық жауапкершілікке тартылады:
  - 5.3.1 Оператордың Абоненттің желілеріне, қабылдау жабдығына / терминалына, Оператордың кіру карталарына немесе жабдығына қол жеткізуін шектегені немесе оларды кез келген негіздер бойынша ұстап қалғаны;
  - 5.3.2 жауапты сақтауға алынған Абоненттің Қабылдау жабдығын / терминалын, Оператордың кіру карталарын немесе жабдығын үшінші тұлғаларға бергені;
  - 5.3.3 Шартта, қосымшада немесе қабылдау-тапсыру актісінде көзделген Абоненттің Қабылдау жабдығын /Терминалын, Кіру карталарын немесе Оператор жабдығын қайтару тәртібін, шарттарын, мерзімін бұзғаны;
  - 5.3.4 Кіру карталарына және/немесе Оператордың бағдарламалық жасақтамасына кез келген әсер еткені үшін жауапкершілікке тартылады.
- 5.4. Абонент форс-мажорлық жағдайларды қоса алғанда, абайсызда бүлінген, ұрланған, жоғалған жағдайда, Абоненттің Қабылдау жабдығының / Терминалының, қызметтерге кіру нүктесін қалпына келтіру жөніндегі материалдар мен жұмыстарды қоса алғанда, жауапты сақтауға алынған Кіру карталарының толық құнын төлейді.
- 5.5. Шарттың 5.3.1, 5.3.2., 5.3.3., 5.3.4. тармақшалары бұзылған кезінде Абоненттің осындай әрекеттеріне / әрекетсіздігіне байланысты келтірілген залалды, сот шығындарын қоса алғанда, Оператордың есептеулерінде және құжаттамасында айқындалған мөлшерде Операторға даусыз тәртіппен өтейді.
- 5.6. Абонент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын кез келген ақпаратты МЖ-да және/немесе Интернетте таратқаны және/немесе Оператордың серверінде орналастырғаны үшін жеке толық жауапты болады.
- 5.7. Оператор ешқандай жауапкершілік көтермейді:
  - 5.7.1. хабар тарату торын, бағдарламалардың мазмұнын, теледидар арналарының сапасын, хабар таратуын өзгерткені немесе тоқтатқаны үшін, Абоненттің Қабылдау жабдығының / Терминалының, сигналдың немесе бейненің сапасын нашарлататын кіру карталарының ақаулары үшін;
  - 5.7.2 Оператордың МС-нда абонент және/немесе үшінші тұлғалармен орналастырылған алатын және/немесе тарататын ақпараттың, материалдардың мазмұнына, сапасына;
  - 5.7.3. Абоненттің және/немесе үшінші тұлғалардың әсер етуі себебінен туындаған жабдықтың кез келген ақаулары, үшінші тұлғалардың жауапкершілік аймағында ақаулық себебінен Интернет желісіне қолжетімділік сервистерін тоқтату, Абоненттің және / немесе үшінші тұлғалардың лицензияланбаған бағдарламалық қамтылымды пайдалану салдарлары үшін;
  - 5.7.4 Абоненттің Дербес шотынан үшінші тұлғалардың немесе вирустардың әсерінен ақша қаражатын, ақпаратты жоғалтқаны үшін;
  - 5.7.5 Оператордың еркіне тәуелді емес табиғи құбылыстардан немесе басқа да мән-жайлардан туындаған сұратылған ақпаратқа тыйым салу немесе МЖ зақымдануы, радиожиліктерді пайдалануы, электр энергиясын өшуі, ұрлауы себебінен МЖ жұмысындағы іркілістерге, спутниктік жүйелер жұмысындағы кез келген үзілістерге, бұзушылықтарға;

- 5.7.6 Оператор шарт бойынша ұсынбаған кез келген байланыс арналарын, жабдықтарды және/немесе бағдарламалық қамтылымдарды орнатуы, пайдалануы немесе оларға қызмет көрсету үшін, сондай - ақ осындай байланыс арналары, жабдықтар немесе бағдарламалық қамтылым арқылы ақпаратты беру немесе қабылдау үшін;
- 5.7.7 МЖ жабдықтарын және/немесе Қызметтерді пайдалану, сондай-ақ Қызметтерді ұйымдастыруға қатысатын кез келген тұлғалардың іс-әрекеттері себебінен Абоненттің кез келген шығындары, жоғалған пайдасы, денсаулығынан айрылуы, еңбекке жарамсыздығы, жазатайым оқиғасы немесе басқа да шығындары үшін;
- 5.7.8 Абоненттің Шарт талаптарына сәйкес дербес деректердің өзгергені туралы толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді көрсетуі немесе Операторға хабарламауы нәтижесінде өз міндеттемелерін орындамағаны, осы тармақ болмаған жағдайда қандай да бір құқықтық негіздер бойынша Операторға талап қоюға әкелуі мүмкін абайсызда немесе өзге де себептер бойынша Абоненттің кез келген әрекеттері немесе олқылықтары үшін жауапкершілік көтермейді.
- 5.8. Шарттың 5.1., 5.2., 5.3., 5.4., 5.5., 5.6., 5.7. тармақтарында көрсетілген жауапкершілік шектері Оператордың кез келген Жабдығына және Оператордың және/немесе онымен байланысты үшінші тұлғалардың арасындағы шарттар бойынша абонентке ұсынылатын қызметтерге жатады.
- 5.9. Егер еңсерілмес күш мән-жайларының: дүлей зілзалалардың, әскери іс-қимылдардың, ҚР Үкіметінің немесе жергілікті билік органдарының актілерінің тікелей салдары болып табылса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін қызметтер көрсету және ақы төлеу бөлігінде жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар қолданылған уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі. Егер бұл мән-жайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені залалды өтеу және өтемақы алу құқығынсыз Шартты жоюға құқылы.

## 6. Басқа жағдайлар.

- 6.1. Шарт Оператордың сайтында жарияланған күнінен бастап **30 (отыз)** күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді (қолданыстағы абоненттер үшін) **www.ktv-sk.com** немесе Абоненттерге Қызмет көрсету пункттерінде орналастыру не қосылуға Өтініш бергеннен кейін (жаңа Абоненттер үшін), Оператордың қызметтеріне кіру нүктесін қосу бойынша жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап жүзеге асырылады.
- 6.2. Шарт Қызметтердің төленген кезеңі аяқталғанға дейін кемінде **5 (бес) күн** бұрын Шарттың бұзу күніне дейін Операторға Қызметтер үшін берешек төленген және оған пайдалануға берілген жабдық қайтарылған жағдайда Оператордың атына жазбаша Өтінішпен Абоненттің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін.
- 6.3. Абонент 3.5, 3.6., 3.12., 3.15., 3.16., 4.4., 4.5., 4.6., 4.7., 5.2., 5.3., 5.4., 5.5., 5.6 т. бұзған жағдайда. Оператор Абонентті хабардар етпей шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 6.4. Шартты кез келген негіздер бойынша бұзған кезде Абонентпен Операторға және/немесе оның сенім білдірілген тұлғасына алынған сервистер, кіру нүктесін қосу, қызметтер және/немесе жабдықты пайдаланғаны үшін төлеген ақша қаражаты қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды.
- 6.5. Шартты кез келген негіздер бойынша бұзған кезде Абонент Шартты бұзған күннен бастап **бір жұмыс күні** ішінде Операторға Абоненттің барлық сатып алынбаған Қабылдау жабдығын/Терминалын, Кіру карталарын тапсыруға міндеттенеді.
- 6.6. Шартты бұзу Абонентті Шарт талаптарына сәйкес пайда болған барлық берешек сомасын төлеуден босатпайды.
- 6.7. Абонент Шарттың елеулі талаптарын бұзудың дәлелі Оператордың уәкілетті өкілі жасаған Акт болып табылатындығымен келіседі, онда Абоненттің қолы міндетті емес.
- 6.8. Абоненттің Шартқа қосылуы оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын іске асыру мақсатында дербес деректерді өңдеуге, сақтауға, пайдалануға сөзсіз келісімі болып есептеледі.
- 6.9. Дербес деректерді пайдалана отырып жіберілген жазбаша, электрондық түрдегі кез келген хабарламалар абонентпен сәйкес түрде алынған болып есептеледі.
- 6.10. Оператор қайта ұйымдастырылған кезде (оның ішінде атауы, деректемелері және т. б. ауысқанда), сондай-ақ Шарт және/немесе Қосымшалар талаптарының кез келген өзгерістері кезінде Оператор абоненттерді жүргізілген өзгерістер туралы **www.ktv-sk.com** Оператордың сайтында ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді немесе Шартқа сәйкес келетін өзге де ақпарат көздерінде және Шартта келісілген мерзімдерде ұсынады.
- 6.11. Абонент Шартты жасасумен Оператормен үшінші тұлғалардың қызметтер мен сервистерге қолжетімділікті ұйымдастыру және ұсыну құқығын басқаға беруіне келісім береді. Үшінші тұлғаның Абонентпен қарым-қатынасы Шартты қайта жасамай жүзеге асырылады.
- 6.12. Шартты орындау кезінде туындаған тараптардың даулары, келіспеушіліктері келіссөздер арқылы шешілетін болады. Дау келіссөздер жолымен шешілмеген жағдайда, олар оператордың нақты орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде реттеледі.

## ОПЕРАТОР

«Аскет»ЖШС. Мекенжайы: Петропавл қ., Н.Назарбаев көшесі,137.  
WhatsApp: **8-7762-61-91-91.** Сайт: **www.ktv-sk.com**

Тел. ААҚ: **61-91-91; 37-26-26**  
Почта: **Info@ktv-sk.com**